

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір өкімдеріне өзгерістер енгізу және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 38-ө өкімінің 1-тармағы 1) тармақшасының және 2-тармағы 1) тармақшасының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2019 жылғы 7 тамыздағы № 141-ө өкімі

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір өкімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілуге жататын мемлекеттік қызметтерді іріктеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы " Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 9 наурыздағы № 16-ө өкімінде:

көрсетілген өкіммен бекітілген "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілуге жататын мемлекеттік қызметтерді іріктеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамында:

мына:

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі " Электрондық үкімет" және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді дамыту департаментінің директоры, хатшы" деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі, төраға

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі "Электрондық үкіметті" және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді дамыту департаментінің директоры, хатшы";

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)";

"Астана қаласы әкімінің орынбасары" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары";

мыналар:

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі
Индустриялық-инновациялық даму бөлімі инновациялық даму және цифрландыру
секторының бас инспекторы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі
Индустриялық-инновациялық даму бөлімі инновациялық даму және цифрландыру
секторының бас консультанты" енгізілсін;

көрсетілген өкіммен бекітілген "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік
корпорациясы арқылы көрсетілуге жататын мемлекеттік қызметтерді іріктеу жөніндегі
ведомствоаралық комиссия туралы ережеде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.";

2. "Қазақстан Республикасының радиожииліктер жөніндегі ведомствоаралық
комиссиясы туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 14
маусымдағы № 70-ө өкімінде:

Қазақстан Республикасының радиожииліктер жөніндегі ведомствоаралық
комиссиясының құрамында:

мына:

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төрағаның
орынбасары

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министрі,
хатшы" деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш
өнеркәсібі министрі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш
өнеркәсібі вице-министрі, хатшы";

"Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі" деген жол
алып тасталсын;

көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасының радиожииліктер
жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы туралы ережеде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.".

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші
органдардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 38-ө өкімінің 1-тармағы 1)
тармақшасының және 2-тармағы 1) тармақшасының күші жойылды деп танылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК